



# Ақмешіт

14 мамыр  
сейсенбі  
№38 (2048)  
2024 жыл

## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

### Субсидия ірі ойыншының табыс көзіне айналмауы тиіс

Бұл – Үкімет басшысының сөзі. Бүгінде егін алқабында қызу тірлік жандана бастады. Ризығын Жер-Анадан күткен диқандар қауымы дүбірлі еңбекке кірісті. Ауыл шаруашылығы техникалары сап түзеп, жер танабына тыңнан түрен тартуда. Мемлекеттен де биыл ауыл шаруашылығы саласына зор қолдау көрсетілмек.

Ауыл шаруашылығы министрінің айтуынша, биылғы жылдың болжамды егіс алаңы 23,8 млн гектарды құрайды. Мемлекет басшысының ауыл шаруашылығы дақылын әртараптандыру жөніндегі тапсырмасына сәйкес, бидайдың егістік алаңы биыл қысқарады. Майлы дақылды 373 мың, азықтық дақылды 66 мың гектарға ұлғайту жоспарлануда. Қазір Қазақстанның кей өңірінде 1,5 млн гектарға дақыл егілді. Ал жаппай науқандық жұмыс мамыр айының екінші онкүндігінде басталмақ.

Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров әкімдіктердің деректері бойынша бүгінгі күні қажетті 2,4 млн тонна тұқымның 99%-ы бар екенін баяндады. Қалған көлем азық-түлік корпорациясының резерві есебінен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар бүгінгі таңда шаруаларға барлығы 453 мың тонна тыңайтқыш тиіп-жөнелтілді.

Биылға арналған жоспар 1,5 млн тонна минералды тыңайтқышты құрайды, оның ішінде 900 мың тоннасы отандық зауыттың өніміне тиесілі. Министр бұл бағыттағы жұмыс тек Қызылорда облысында ғана толық аяқталғанын тілге тиек етті.

Үкімет отырысында егіс науқанын жүргізу үшін ауыл шаруашылығы құрылымдарында 150 мың трактор, шамамен 5 мың жоғары өнімді егіс кешені, 76 мың сепкіш, 219 мың топырақ өңдеу құралы бар екені айтылды. Өңірлерден келген ақпаратқа сүйенсек, техниканың дайындығы 98%-ды құрайды.

2-БЕТТЕ



### ӘРТАРАПТАНДЫРУ КҮРІШ КӨЛЕМІН АЗАЙТУ ҒАНА ЕМЕС

Орталық Азиядағы су тапшылығы жыл сайын күрделенуде. Әсіресе, егін маусымы кезінде мәселе ушығатыны айтпаса да түсінікті. Олқылықтың бастауын бір-біріне сілтеген басшылық пен кинон келістіре алмаған мемлекетаралық жиындар істің бүгін-ертең бір қалыпқа түспейтінін тағы көрсетіп отыр. Әрине, су басқан кезеңде су тапшылығы болуы ықтимал деген қисынсыз көрінуі мүмкін, алайда сарапшылар онтүстік өңірдегі диқанның жазғы ахуалы маз болмайтынын күні бүрын болжауда.

Бұл келесіздікті шешу мақсатында бірнеше шешім ұсынылғаны бұрыннан белгілі. Алдымен су жүйесін реттеу үшін арнайы министрлік құрылса, кейін егін

алқабын әртараптандыру жалғасын тапты. Аграрлық секторда арнайы меже белгіленіп, әр дақылдың үлес салмағы да сараланған. Мұндай қадам әлемдік экономикалық өзгеріс пен экологиялық жағдайға қарай жасалғаны байқалады.

Мысалы, жыл басында ауыл шаруашылығы министрлігі онтүстік өңірлер үшін күріш алқаптарын қысқарту бойынша индикативтер әзірледі. Биыл егіс көлемін 6 мың гектарға және алдағы 5 жыл ішінде 21 мың гектарға қысқарту міндеті тұр. Осындай өзгеріс мақта өсіру бойынша да қолға алынбақ. Нәтижесінде шамамен 1,4 млрд текше метр су үнемделеді деген болжам бар.

2-БЕТТЕ



BBC NEWS

### ГРУЗИЯ: ДАУЛЫ ЗАҢ МЕН ДЕРЖАВА МҮДДЕСІ

Бүгінде әлем елдері ақпараттық қауіпсіздік мәселесіне ерекше маңыз береді. Олай етпегенде, сырттан қаржы алатын ұйымдар қоғамдық институттардың бағытын өзгертіп, идеологиялық күшке ықпал етудің әрқилы жолын игерген. Азаматтардың пікірін қалыптастырып, жергілікті билікке қарсы шығуға үндеуі ықтимал. Мұны Ресей мен Украина, Израиль мен Палестина дағдарысы кезіндегі ақпараттық майданнан аңғару қиын емес. Сондықтан бейбіт елдер ендігі жолын таңдап, ақпарат кеңістігін қолға алуға тырысқанын көреміз. Алысқа бармай-ақ, Қазақстандағы «Масс-медиа туралы» заң жобасының жүзеге асуының бір мысалы ақпараттық қауіпсіздіктен туындап отыр.



Бұл бағыттағы құқықтық жобаны Грузия да қолға алған болатын. Алайда әзірге нәтижесіз әрі саяси қығғын шеңберінен шыға алмай келеді. Өткен жылы «Грузин арманы» партиясы «шетелдік агенттерге» қатысты заң жобасын әзірлеген. Онда өзге мемлекеттер қаржыландыратын ұйымдарды қадағалауға басымдық беру көзделгені бар. Яғни табысының 20 пайызынан артығын өзге елден алатын ұйымдар «өзге державалардың мүддесін қорғаушы» саналып, «шетелдік агент» санатына енеді. Мұны естіген елдегі оппозиция ереуілге шығып, билік заң жобасын аяқсыз қалдыруға мәжбүр болған еді.

Енді биыл да аталған тақырып қайта қозғалды. Заң жобасы Үкімет қарауына беріліп, екі оқылмы қолдау тауып үлгірген. Әдеттегідей оппозиция өкілдері республика көлемінде митинг өткізіп, биліктің райынан қайтуын талап етуде. Бүгінде ереуілге қосылып, қарсылық билдірушілер саны 200 мың адамнан асып жығылған.

Осы орайда апта бойы BBC арнасының тілшісі Жакин Хоуард митингті ақпараттандыруда белсенді жұмыс істеуде. Сағат сайын арнайы шығарылым жүргізіп, оқиға хронологиясының үзілмеуіне септесіп жүр. Грузиядағы ахуалды толыққанды баяндау үшін журналистің хабарына шолу жасап көрейік.

«Еуропа алаңына 200 мыңға жуық адам жиылды. Бұл Грузияның тәуелсіздік кезеңіндегі ең ауқымды қарсылық шарасы ретінде тарихта қалары анық. Оның үстіне бірнеше күнде митингке қатысушылар саны 300 мыңға жетуі мүмкін.

Ереуілге қатысушылар сенбіде ел астанасының үш аумағына жиналды. Алғашқы топ Республика алаңына келсе, кейінгі топ Марджанишвили алаңында топтасса, соңғы лек «300 арагвилік» метро станциясына беттеген. Кейін үш топ Еуропа алаңына қарай сап түзей жүріп, қатары толыға түсті», – дейді BBC тілшісі.

Тілші сөзінше, митинг 11 мамыр күні сағат 19:00 шамасында басталған. Дәл бұл күнге тура келуінің себебі бар. Күні бұрын Грузияның Премьер-министрі Ираклий Кобахидзе мемлекет «шетелдік агент» туралы заң жобасын мақұлдауы ықтимал екенін мәлімдеген болатын. Ол қандай кедергі болса да аталған заң жобасын аяғына жеткізуді мақсат еткенін де жасырмады. Сол-ақ екен, ертесіне Батуми, Кутаиси, Гори, Тбилиси қалаларында ереуіл тоқтамады.

Ереуілдің бастамашысы болған Грузия оппозицияшыларының оқиғаға қатысты өз уәжі бар. Айтуларына, мұндай заң сөз бостандығын тежеп, БАҚ-тың еркін ақпарат таратуына тұсау болады. Тіпті бұл заң Ресейдің белсенділер мен билікке қарсы топты құдалауға қолданылатын заңмен сабақтас деген болжамда. Егер заң күшіне енсе, азаматтық сектор әлсіреп, Грузияның Еуропамен идеологиялық бірігуі қиындамақ.

4-БЕТТЕ

### СҰХБАТ

## АТА-АНА БАЛАНЫҢ ТЕЛЕФОНЫНА БАҚЫЛАУ ЖАСАУЫ КЕРЕК



Уақыт жылжып, қоғаммен бірге құндылықтар да құбылуда. Дегенмен ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынас әрбір «кішкентай мемлекеттің» негізі десек болады. Осы орайда №1-ші кәсіби отбасылық психолог, «Отбасы академиясының» негізін қалаушы Ержан Мырзабаевпен әңгіме өрбіткен едік.

– Жасыратыны жоқ, қазіргі балалар телефонға тәуелді. Кейбір ата-ана үшін бұл – үлкен мәселе. Шешімі бар ма?

– Смартфонды дұрыс қолдану, балалардың телефонға тәуелділігі көп ата-ананы мазалайды. Осыған қатысты тікелей әңгімелерде де көптеген сұрақ қойылып жатады. Смартфон – заман талабы, қазіргі кездегі маңызды қажеттіліктің бірі. Онсыз өмір сүре алмаймыз, алайда баланың қолына ұстатып, не қылса да өз еркің деуге болмайды. Әрбір ата-анаға 18 жасқа толғанға дейін баласының телефоны 24 сағат қолжетімді болуы керек. Алғаш телефон сатып әпергенде баламен келісімшарт жасаған жөн. Телефон – ең алдымен байланыс, жұмыс істеу мен қауіпсіздік құралы, білім алуға

мүмкіндік. Кез келген сәтте байланыс орнатуға мүмкіндік болуы тиіс. Яғни алдымен осындай келісім жасаймыз.

Балалар телефонның бетіне құпиясыз орнатып жатады. Ескерте кетейін, осындай сәтте ата-аналар бірден ұрыс шығарып, шошып жатады. Бірақ құпия сөзді ата-анаға қарсы емес, әдетте достарына, сыныптастарына қарсы қояды. Галереядағы бір суретті көрсетсін, жеке телефонды ұстамасын деген мақсатпен құпиясыз орнатуы мүмкін. Ата-ана баланың телефондағы құпиясызді білуі шарт. Сонымен қатар ол қандай браузерді қолданады, не көреді, нені іздейді, ютуб желісінде кімдерді тыңдайды, осының барлығы бақылауда болғаны жөн.

4-БЕТТЕ

Әуе қатынасы – облыстың әлеуметтік-экономикалық әлеуетіне тікелей әсер ететін негізгі саланың бірі. Сыр өңірінде «Қорқыт ата» әуежайының жаңа терминалының құрылысы аяқталып, ел игілігіне беріледі деп жоспарлануда.



### ЖАҢА ӘУЕЖАЙДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІГІ



3-БЕТТЕ

### Баспасөз-2024

**АҒАЙЫН,  
«АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА»  
ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?**

Баспасөзге 2024 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүруде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз тәуірде тұрсын! Жекелер үшін 6 айға – 3000 теңге, мекемелер үшін – 4000 теңге. Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.

## Субсидия ірі ойыншының табыс көзіне айналмауы тиіс

Мемлекет енді пестицидтердің құнын 50% мөлшерінде субсидиялауға қолдау көрсетпек. Бұл қолайлы фитосанитариялық жағдайды сақтауға мүмкіндік береді. Өткен жылы шегірткенен зардап шеккендіктен биыл 2,5 млн га алаңға химиялық өңдеу жүргізілмеді.

Көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге жеңілдікті дизель отынының көлемі шаруалардың «Gosagro.kz» ақпараттық жүйесі арқылы берген электрондық өтінімі негізінде дайындалып отырғаны айтылды. Фермерлерге биыл берілетін жеңілдетілген дизель отынының құнының литрі 250 теңге деңгейінде сақталды. Бұл нарықтық бағадан литріне 45 теңгеге немесе 15% арзан. Облыстарды тиіс-жөнелту бойынша МӨЗ-ге бекіту кестесі бекітіліп, 52% жөнелтілген.

Биылғы егін науқанын жүзеге асыруға Үкімет 140 млрд теңге бөліп отыр. Форвардтық сатып алу бағдарламасына 40 млрд теңге көзделген. Осыған байланысты Үкімет басшысы Ауыл шаруашылығы министрлігіне облыстардың әкімдіктерімен бірлесіп, егіс науқанын дер кезінде сапалы жүргізу бойынша барлық қажетті шараларды қабылдауды тапсырды. АШТӨ тімді субсидиялауға ерекше назар аудару тапсырылды.

«Субсидияларды бөлу бойынша барлық құқықтар әкімдіктерге берілгендіктен, шаруаларға тиесілі субсидияларды әділетті және тиімді бөлу мәселесін қатаң бақылауға алу қажет. Қаржы осы саладағы ірі ойыншылардың табыс көзіне емес, ауыл тұрғындарының мүмкіндіктерін кеңейтіп, шығарылатын өнім көлемін арттыруға ықпал етуі тиіс», – деді Үкімет басшысы Олжас Бектенов.

«Оңтүстік үшін сумен қамтамасыз ету мәселесі маңызды. Су ресурстары және ирригация министрлігіне Ауыл шаруашылығы министрлігімен және әкімдіктермен бірлесіп, еліміздің оңтүстік өңірлерінде, оның ішінде ұзақ мерзімді перспективада суармалы сумен тұрақты қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауды тапсырамын», – деді Олжас Бектенов.

Айта кетейік, Сыр өңірі Мемлекет басшысының «Суды үнемдейтін озық технологияны қолдану арқылы егістік алқаптарын жыл сайын 150 мың гектарға дейін кеңейту» тапсырмасына сәйкес «АқРлс» түркиялық компаниясымен келіссөз жүргізуде. Аталған компания 35 жылдан бері тамшылатып және жаңбырлатып суару қондырғысын шығарумен айналысады.

Қызылорда облысы әкімінің орынбасары А.Зебешев сырбойылық диқандар суды үнемдеу үшін лазерлік тегістеу технологиясын қолдану арқылы күріш алқаптарындағы судың шығынын 20 пайызға дейін төмендетіп, алынатын өнімнің үлесін 30 пайызға дейін артқандығын, тамшылатып және жаңбырлатып суару технологиясын пайдалана отырып, суды аз қажет ететін дөңді-дақылдарды егу қолға алынғанын айтып отыр. Нақтырақ айтқанда, тамшылатып суару жүйесі арқылы Шилелі ауданында жүгері, жаңбырлатып суару арқылы Қазалы ауданында мал азығына арналған жүгері, ал Арал ауданында жоңышқа егілуде.

Республикалық бюджеттен зиянкестерімен күресуге биыл 8,1 млрд теңге бөлініп отыр. Мұның өзі диқандардың жұмысына қолбайлау болып отырған шегірткемен күресте оң нәтиже береді деп күтілуде.

Басы 1-бетте

Гайһар АСҚАРҚЫЗЫ

## Жарнама беру арқылы...

Кәсіп ашып, одан пайда табуды ойластырған адамдардың қателігі, көбіне ақшасын желге шашу деп есептеп, жарнама жасауды артық көріп, ақырында кәсібін жүргізе алмай құрдымаға кетіп жататын жағдайлар жиі кездеседі. Сөйтіп, жарнаманың маңызын түсінбегеннен кәсіптің тоқтап қалатын да кездері болады.

Керісінше жарнамаға ақша салу арқылы айналасы бірер күн емес, бірер сағаттардың ішінде табысын еселеп, жұмысын жүйелі түрде жүргізіп отырған кәсіпкерлер де бар. Кез келген кәсіп жарнаманың арқасында жүреді және пайданы да солай еселеуге болады. Бұл – тек менің ғана емес, барлық жарнама зерттеушілерінің қорытынды пайымы.

Жарнамалар ақша аяу арқылы қара жаяу қалуға болады. Қазір қаншама тауарлар жақсы жарнаманың арқасында сатылуда және нарықтан да өзіндік орнын алып отыр. Бір сөзбен айтқанда, жарнамаға салған ақша ол қашанда өзін өзі ақтайды.

Қазір жарнаманы бағайды телеарналарға беру міндетті емес. Адамдардың барлығы дерлік смартфон арқылы әлеуметтік желілерде отыратынын ескерсек, бұл ретте, мәселен, инстаграмда миллиондаған қаралымы бар аккаунттар арқылы жарнама беру сізге тиімді әрі пайдалы бола алады. Қолыңыздағы газет – «Ақмешіт апталығы» да мұндай қызмет түрін қуана ұсына алады.

Саят АСҚАР,

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің  
II курс студенті

Мен айналымдағы үлкен-кішіден: «Отыз жылда орда бұзбадық, арабтар секілді қашан өмір сүреміз» деген сөздерді жиі естимін. Осы және осы тектес өз өмірінің сәтсіздіктеріне тек қана мемлекетті кінәлайтын сөздерден кейде шаршаймын. Меніңше, адамның қалай өмір сүруіне мемлекеттің қатысы жоқ. Біз барлығына өзіміз кінәліміз. Кінәліні сырттан іздеу ешқашан мәселенің шешімі болған емес.

## Қай кезде де таңдау бар

С.Демирель атындағы SDU университеті ректорының бір кездесуде айтқан сөзі үнемі ойыма орала береді: «Қазір кімнің бай, кімнің кедей екенін білмейсің. Қазір ірілі-ұсақты кафе-мейрамханалардағы даяшыларда менікінен жаңа әрі қымбат телефон болуы мүмкін, бірақ олар менің табысымнан он-онбес есе аз ақша табады. Бірақ бізден бай көрінгісі келеді, сөйтіп, біз сатып алып жатқан дүниені олар несиеге ала бастайды. Несие көбіген сайын жұрттан қалмаймын деген оймен қарызға белшесінен бата береді. Ақырында осының бәріне мемлекетті кінәлай бастайды».

Рас біз, жастар, кейде сатып алып жатқан нәрселеріміз шынымен керек пе, мен осы затқа қаншалықты мұқтажбын деген сауал төңірегінде мүлдем ойланбаймыз. Тек қана жұрттан қалғымыз келмейтін жаман қасиетімізді жасырып, бірер сәттік қуанышқа бөленуді ғана ойлайтын

сияқтымыз. Егер сатып алған затыңыз сіздің дамуыңызға әсер ететін болса, сол арқылы азды-көпті пайда табатын ойыңыз болса және соны жүйелі жүзеге асыруды бастасаңыз әңгіме мүлдем басқа. Мұндай жағдайда кәсіпке қадам бастаушы адам ретінде сіздің арқаныңыздан қауға болады.

Ешқандай жерде онай ақша жоқ, бәрі еңбекпен келеді. Бар ойыңыз өзіңіз айналасың саланың шыңына шығу болса, ешкімге жалыншты болмайсыз, тіпті мемлекет қашан айлығымызды көтереді деп те бас қатырмайсыз. Өйткені сіз өзіңіз еңбектенбей ештеңе тегін келмейтінін жақсы білесіз және қандай жағдайда да жалдамалы жұмысшы емес, жұмыс беруші болуға талпыну арқылы сізді түптің түбінде жеңісті де жемісті жолдар күтеді. Мен осыған сенемін.

Саят АСҚАР,

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің  
II курс студенті

# ӘРТАРАПТАНДЫРУ КҮРІШ КӨЛЕМІН АЗАЙТУ ҒАНА ЕМЕС

## БИДАЙДЫ ДА БАЙЫПТАП ЕККЕН ЖӨН...

Статистика мәліметіне сүйенсек, елдегі астық егетін өңірлердегі негізгі монокультура – бидай. Азық-түлік қауіпсіздігі үшін аталған дақылдың бітік шығуы керек-ақ, алайда сарапшылар агро сектордағы негізгі басымдықты бидайға беруге қарсы. Себебі әлемдік нарықтардағы баға күнде құбылады. Ала жаздай екен бидай құны түссе, шаруалардың бар еңбегі далаға кетпек. Міне, осы олқылықты болдырмау үшін де әртараптандыру саясатын жүйелі жүргізу маңызды. Әсіресе, мұның ауыспалы егістердің сақталуын қамтамасыз ету, топырақтың жай-күйін бақылауға көмегі зор.

Есте болса, ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров көктемгі егін науқанына байланысты өткен Үкімет отырысында тақырыпқа қатысты тың ақпарат бөліскен болатын. Айтуынша, көктемгі дала жұмыстарын уақытылы әрі сапалы жүргізу мәселелері ерекше бақылауға алынған. Облыс әкімдіктерінің деректері бойынша биыл жалпы егіс алаңы 23,8 млн гектарға жетіпті. Ал мемлекет басшысының ауыл шаруашылығы дақылдарын әртараптандыру жөніндегі тапсырмасына сәйкес, бидайдың егістік алаңдары өткен жылмен салыстырғанда 426 мың гектарға қысқарып, 13,3 млн гектарды құраған.

– Біздің фермерлермен және әкімдіктермен бірлескен міндетіміз – егіс алқаптарының құрылымын нақты әртараптандыру: 2028 жылға қарай бидай алқаптары 855 мың гектарға қысқаруы тиіс, бірақ өнімділікті арттыру шараларын қабылдау кезінде жалпы алым төмендемеуі тиіс, – деді ауыл шаруашылығы министрі.

## КҮРІШ КЕМІДІ

Су ресурстары мәселесі күрішке де әсер ететіні түсінікті. Әртараптандыру бағдарламаларында аталған дақыл бидаймен қатар аталады. Сондықтан болар, биыл аймақ диқандары Сыр салысының көлемін қысқартып, суды аз қажет ететін дақылдарды егуге бел бұған. Осылайша, көктемде 187 мың гектар аумаққа егілген ауыл шаруашылығы дақылдарының 83,9 мың гектары күрішке тиесілі.

Жалпы, биылғы көктемгі егісіне облыс бойынша 21,3 мың тонна күріш тұқымы дайын. Бұдан өзге, ауыл шаруашылығы құрылымдары арқылы науқанға 938 тонна жаздық бидай, 736 тонна күздік бидай, 48,9 тонна арпа, 10,8 тонна тары, 67,6 тонна дәндік жүгері, 5,6 тонна күнбағыс, 108,5 тонна мақсары, 13,5 тонна соя, 21,8 тонна сүрлемдік жүгері және 298 тонна жоңышқа тұқымы құйылған.

Есте болса, жыл басында су ресурстары мәселесіне қатысты көшпелі отырыс өтті. Жиында аймақ басшысы алдағы 5 жылда алқаптарды әртараптандыру мақсатында күріш егісінің көлемін 16,8 мың гектарға дейін азайту көзделгенін атаған болатын. Бұл биылғы егін көлеміне айтарлықтай әсер етпесе де, облыстың аграрлық саласы түрленетінін көрсетті. Әсіресе, су үнемдейтін озық технологияны енгізуді жеделдету ерекше айтылғаны бар.

– Мемлекет басшысы су тапшылығы жылдан-жылға күрделімәселеге айналып барды. Сондықтан егіс алқаптарын әртараптандыру үшін негізгі дақыл – күріш көлемін біртіндеп тұрақтандырып, суды аз қажет ететін майлыдақылдар, жемшөп және бақша дақылдары егісін көбейтуіміз қажет. Жыл сайын ауыл шаруашылығы құрылымдары күріш көлемін ұлғайтудан бас тартпай, әртараптандыруға мән бермей келеді. Биыл оған жол берілмеуі керек. Себебі біз алдағы 5 жылда күріш алқаптарын 89 мың гектардан 72,2 мың гектарға дейін қысқартамыз. Орнына майлы дақылдар егісін 5,8 мың гектарға, мал азықтық дақылдарды 78 мың гектарға, картоп, көкөніс, бақша дақылдарының егіс көлемін 23,4 мың гектарға жеткізу жоспарлануда, – деді аймақ басшысы.

Саладағы салмақты жаңалықтың бірі – жаңа технология. Бүгінде Сыр өңірі суды үнемдейтін озық технологияны енгізуді жеделдетті. Алдағы 5 жылда жаңа технология арқылы егілетін егіс көлемі 24,2 мың гектарға жетпек. Қазірдің өзінде 9 мың гектарға жүгері және мал азықтық дақылдар егу бағытында инвестициялық жобалар белгіленуде. Қала және аудан әкімдеріне осы жобаларды сүйемелдеу тапсырылған.

## ҚАНДАЙ DAҚЫЛ КӨБЕЙЕДІ?

Әртараптандыру азайту емес. Суды көп қажет ететін дақыл көлемі азайғанымен, саладағы ауқым кемімейді. Оған мысал, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев алдағы 5 жылда ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемін 2 есеге арттыру міндетін қойды. Бұрын назардан тыс қалған ауыл шаруашылығы өнімдеріне басымдық

Басы 1-бетте

берілетінін. Әрине, әр өңірдің климаттық, өндірістік әлеуеті ескеріліп, жоба жасау әлі де өзекті.

Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров науқан басталмай тұрып қандай дақыл көлемі артаатынын жеткізген болатын. Ол Орталық коммуникациялар алаңында өткен баспасөз конференциясында қарақұмық, қант қызылшасы, майлы және азықтық дақылға басымдық берілетінін айтты.

– 5 жыл ішінде қарақұмық сияқты әлеуметтік маңызы бар дақылдарды 50 мың гектарға ұлғайту жоспарланып отыр. Майлы дақылдарды 2028 жылға қарай 3,7 млн гектарға дейін жеткізу қажет,



бұл өнімділіктің артуы есебінен ішкі нарықты қамтамасыз етеді және экспорттық әлеуетті толық көлемде іске асырады.

Сонымен қатар алдағы уақытта қант қызылшасы алқабын 27 мың гектарға арттыру көзделген.

**Биылғы көктемгі егісіне облыс бойынша 21,3 мың тонна күріш тұқымы дайын. Бұдан өзге, ауыл шаруашылығы құрылымдары арқылы науқанға 938 тонна жаздық бидай, 736 тонна күздік бидай, 48,9 тонна арпа, 10,8 тонна тары, 67,6 тонна дәндік жүгері, 5,6 тонна күнбағыс, 108,5 тонна мақсары, 13,5 тонна соя, 21,8 тонна сүрлемдік жүгері және 298 тонна жоңышқа тұқымы құйылған.**

Бұл қантпен қамтамасыз ету деңгейін 6 пайыздан 45 пайызға арттырады. Сондай-ақ басқа да әлеуметтік маңызды дақылдар алаңдарын ұлғайту жоспарлары да қойылды, – деді министр.

## ДИҚАННЫҢ ДАЙЫНДЫҒЫ ҚАЛАЙ?

Талап пен тапсырма толастамайды. Алайда айтылған жеңі орындауға диқанның жағдайы келе ме? Олай дейтініміз, жыл сайын су мен несие, тыңайтқыш пен техника мәселесі шаруаларды әбгерге түсіретін. Агротектор үшін негізгі ресурстардың бірі – минералды тыңайтқыштар. Бұл олқылықтар биыл да қайталанса, әртараптандыру әріге бармайтыны белгілі.

Үкімет пен жергілікті билік болса барлық кедергі жойылады деп сендіруде. Тыңайтқышпен қамтамасыз ету, жеңілдетілген несие беру, техникаға арналған бағдарлама санын ұлғайту қолға алынған. Ал су мәселесін шешу үшін халықаралық ұйымдар мен көрші елдермен мәміле жүруде. 2024 жылы Халықаралық аралды құтқару қорына Қазақстан төрағалық ететінін ескерсек, бұл бағытта оң өзгеріс орын алатындай.

Тыңайтқыштарды қолдану көлемі әр облыста әртүрлі. Мәселен, өткен жылы егіс алаңы 5,6 млн гектар болатын Қостанай облысы небәрі 54 мың тонна тыңайтқыш пайдаланды. Ал егіс алқабы Қостанайға қарағанда 1,2 млн гектарға аз Солтүстік Қазақстан облысы 190 мың тонна тыңайтқыш қолданды, яғни 3,5 есе көп. Сондықтан атал-

**P.S.** Әртараптандыру – ауыл шаруашылығындағы өзгеріс ғана емес, әлеуметтік-экономикалық жаңа кезеңге бастайтын бағыт. Байқасақ, дәстүрлі егін егу әдісі мен бағдарламасынан ауытқымау пайда әкелмейтінін әлем елдері күні бүрғын сезген. Саладағы технологиялық жаңалықтың ұлғаюы осы түсініктен туындауда. Сондықтан мемлекеттің ғаламдық үрдіс пен нарық талабын ескеруі орынды.

Е.БАЛТАБЕКҰЛЫ

ған бағытта өңір ерекшелігіне назар аудармасқа болмайды.

Аймақта ше? Облыста тыңайтқышпен қамту ісі жүйелі жүруде. Биылғы егістікке қажетті тыңайтқыштың 84,4 пайызы сатып алынған. Дала жұмыстарына 3 799 техника жұмылдырылуда. Яғни ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің техникалары толықтай жөндеуден өткізіліп, тиісті мақсатта пайдаланылып жатыр. Сонымен қатар биылғы құны 9,3 млрд теңгені құрайтын қосымша 253 ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынған. Егістік науқанына қажетті машина-трактор парк 4,5 пайызға жаңартылған деген сөз.

Жанар-жағармай жеткілікті. Науқан барысында егін егу және дала жұмыстарын жүргізуге 12,9 мың тонна арзандатылған дизель отыны бөлінді. Сала басшылары бұл тұрғыда ешқандай қиындық болмайтынын баса айтуда.

## НЕСИЕНІҢ ЖАЙЫ ДА ШЕШІЛМЕК

Министрлік жоспарына сәйкес, жыл сайын көктемгі егін егу және күзгі жиын-терім жұмыстарына 1,5 трлн теңге жеңілдетілген несие бөлінбек. Қаражат қажеттілікті толық қамтамасыз етуге бағытталып, негізгі мәселені шешуге септесетін болады. Мәселен, 450 млрд теңге 8-10% деңгейінде ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту жөніндегі тапсырманы орындау мақсатында жеңілдетілген лизингке бағытталды. Ал 800 млрд теңге инвестициялық жобаларды қаржыландыруға жұмсалмақ. Бүгінгі таңда қаржыландыру көздері пысықталуда.

**Жыл басында су ресурстары мәселесіне қатысты көшпелі отырыс өтті. Жиында аймақ басшысы алдағы 5 жылда алқаптарды әртараптандыру мақсатында күріш егісінің көлемін 16,8 мың гектарға дейін азайту көзделгенін атаған болатын. Бұл биылғы егін көлеміне айтарлықтай әсер етпесе де, облыстың аграрлық саласы түрленетінін көрсетті.**

Осы орайда көп диқанның уайымына айналған несие мөлшерлемесін айта кеткен жөн. Ауыл шаруашылығы министрінің өзі аталған тақырыпты талдап, тиімді қадам жасауға жол ашылғанын жеткізген болатын.

– Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Ауыл шаруашылығы министрлігі «Бәйтерек» холдингімен бір цифрлық платформада АОК субъектілеріне жеңілдетілген несие беру және субсидиялау қызметтерін біріктіру бойынша жұмыс жүргізбек. Нәтижесінде субсидияларды Аграрлық несие корпорациясына тікелей аудару жоспарланып отыр. Осылайша, фермерге несие беру мөлшерлемесі субсидиялар кешіктірілген кезде өзгермей, әрқашан жеңілдетілген түрде қалады. Бұл сондай-ақ сала үшін сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтады, өйткені субсидия алушы мен мемлекеттік органның тікелей байланысы болмайды, – деді сала министрі.

## ЖАҢА ӘУЕЖАЙДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІГІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласы аумағындағы бірқатар нысанды аралап, жұмыс барысымен танысты.

Ең алдымен «Болат Өтемұратов қорының» қолдауымен салынған «Қорқыт ата» әуежайының жаңа терминалына барды. Халықаралық талаптарға сай келетін жаңа терминалда ішкі және халықаралық рейстерге, транзиттік жолаушыларға арналған залдар, зал, жүкті автоматты түрде беру жүйесі, «Duty Free» аймағы, сауда нүктелері, медпункт,

млрд теңгенің 15 млрд 700 млн теңгесі Болат Өтемұратов қорынан бөлінген. Жергілікті бюджеттің 4 млрд 300 млн теңге қаржысы инфрақұрылымды дамытуға, абаттандыруға, яғни жылу, су, электр, телефон және кәріз желілерін, автожол жүргізуге жұмсалды.

Сонымен қатар әуежай және оған іргелес аумақ абаттандырылуда. Осы аумаққа 615 шаршы метр гранит жабыны, 16,2 шаршы метр асфальт, 4038 шаршы метр кеспе тас және 3630 шаршы метр қиыршық тас төселетін

«Сервис» пен «Иман» ЖШС құрылысқа жоғары сапалы материалдарды пайдалануда.

Нысанды аралау қорытындысында облыс әкімі жауапты сала басшыларына нақты тапсырма жүктеп, алдағы міндеттерді айқындады.

– Бүгінде Президентіміздің, Үкіметтің Сыр өңірін ерекше қолдауының арқасында аймағымызда нәтижелі жұмыстар жүргізілуде. Халық игілігіне арналған жаңа ғимараттар бой көтерді. Ең бастысы, құрылысты сапалы етіп салып, уақытылы аяқтау қажет, – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Жаңа терминалдың ашылуын күтіп жүрген тұрғындар көп. Соның бірі – әуежай қызметін жиі тұтынушы қала тұрғыны Айбол Ахметов.

– Өзім басқа облыстарға жиі іс сапарға шығамын. Сондай сәтте уақытты үнемдеу үшін ұшақпен барғанды қалаймын. Енді жаңа әуежай іске қосылғанын күтіп жүрміз. Өйткені халықаралық рейстерге мүмкіндік бар. Ал осыған дейін шетелге шығу үшін Алматы, Астана әуежайлары арқылы ұшатынбыз, – дейді қала тұрғыны.



кафе, гибдат ету, жүк сақтау, ана мен бала бөлмелері бар. Екі қабатты ғимараттың сыйымдылығы – 250 адам, төлқұжат бақылайтын 10 кабина қызмет етеді.

Нысан таяуда ел игілігіне табысталамақ. Жобаға бағытталған 20

Басы 1-бетте

болады. «Қызылорда қаласындағы әуежайдың іргелес аумағын абаттандыру құрылысы» жобасына 634 050 млн теңге бөлінді, 4 жолақты, ұзындығы 480 метр, әр жолақтың ені 3,5 метр болатын жол салынууда.

Аталған жобаларды жүзеге асыруға жарияланған мемлекеттік сатып алу конкурсының жеңімпаздары «Сәт-



## СУБҰРҚАҚТАР САЯСЫ МЕН ГҮЛЗАРЛАР АЛАҢЫ



Шаһардың шырайын келтіріп, әсем көрініс сыйлайтын субұрқақтар алдағы аптап ыстықта тұрғындарға сая болатыны рас. Сонымен, қаланың әр жерінде орналасқан бірнеше субұрқақтар бар. Атап айтқанда, «Ақмешіт-Сырдария» орталық мешітінде, сол жағалауда, орталық алаңда, отбасы орталығының алдында, Сыр ана монументінің айналасында, теміржол вокзалында және тағы да басқа жерлерде орналасқан субұрқақтар ерекше көрік беріп тұр. Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Жәнісбек Файзуллаевтың айтуынша, бұл субұрқақтардың қосылатын өз уақыты бар.

– Қаладағы субұрқақтар танертеннен бастап түске дейін қосылады. Ал түстен кейін үзіліс уақыты беріледі. Кешкі мезгілде қайта қосылып, түнгі 23.00-ге дейін халыққа кешкі демалыс, жақсы көңіл-күй сыйлап тұрады, – дейді бөлім басшысы.

Бүгінде оның бірқатары іске қосылды. Сондай игілікті істердің бірі – Сырдария өзенінің сол жақ жағалауындағы Абылай хан даңғылын абаттандыру жұмыстары барысында салынған түймедік бейнелі субұрқақ ел игілігіне берілді. Субұрқақ түрлі-түстермен

жарықтандырылған. Осындай игі іс қала тұрғындарын қуантуды.

Жалпы қаланы абаттандыру әрі ауаны ылғалдандыру мақсатында субұрқақтың алаңға пайдасы зор. Салқын субұрқақ саясында сөйіл құрудың өзі қандай ганибет!

– Сыр ана монументіне күнде кешкілік серуенге шығамын. Бұл жақтың ауасы таза. Сосын субұрқақ қосылғаннан бері жаңа жайлылық сыйлайды. Балаларыма да осы жерге келіп, демалған ұнайды, – дейді қала тұрғыны Гүлбаршын Кентауқызы.

Келесі тұрғын қопбалалы ана Айнұр Менлібаева қалада субұрқақтар көбейгеніне қуанады.

– Биыл қалада субұрқақтар саны көбейіп жатқанын байқадым. Негізі субұрқақтың саясында балалар демалғанды, ойнағанды жақсы көреді. Сондықтан балғындарымыз үшін осындай субұрқақтардың көбейгені дұрыс деп ойлаймын. Оның үстіне біздегі жаздық ыстығы ерекше. Сондай сәтте нағыз керегі – субұрқақтың көп болғаны, – дейді Айнұр.

Сонымен қатар қаланың әр жеріне орналасқан субұрқақтар өзгеше сән берсе, көше бойындағы гүлзарлар көзге бірден түседі. Түрлі-түсті кілемдей жайқалған гүлдер көшеге де, қалаға да әсемдігін сыйлап тұр. Осыған орай қаладағы көше бойын саябақтар мен скверлерді гүлмен көмкеру жұмыстары жүргізілуде.

## КӨШЕЛЕР КЕҢЕЙТІЛІП, ЖОЛ САЛЫНУДА

Биыл қалада 92 жоба жүзеге аспақ. Сол жобаның бірі – жол-көлік инфрақұрылымын дамыту. Осы бағытта бюджеттің барлық көздерінен 6 млрд теңге қаралды. Осыған орай, биыл біраз ауқымды жұмыс қолға алынбақ. Қала аумағында жөндеуден өтетін көшелер мен мердігер мекемелер анықталып, қаралған қаржысы бөлінді. Тіпті қызу жұмыс басталып та кетті.

### ЯССАУИ КӨШЕСІНДЕ ҚЫЗУ ЖҮМЫС

Биыл қалада жалпы ұзындығы 46,234 шақырымды құрайтын 35 көшеге орташа жол жөндеу жұмысы жүргізілуде. Қазіргі таңда аталған 35 көше рет-ретімен жөндеуден өтуде. Сонымен қатар облыс әкімінің қолдауымен қалада аяқталды жұмыстар басталды. Соның бірі – Қожа Ахмет Ясауи көшесін қайта жаңғыртуға арналады. Дәл қазіргі кезде көшенің ескі асфальты алынып, орнына жаңа асфальт төсеу басталды.

– Осы кезде Ясауи көшесін Төле би көшесіне дейін жаптық. Жалпы ұзындығы 3 шақырымға жуықтайтын көше 4 жолақты болып кеңейеді. Жаяу жүргіншілер жолы жасалып, толығымен жарықтандырылады. Оған қоса көшенің екі жағында аяқсауға арналған суағар орнатылады, – дейді учаске бастығы Марат Серкешбаев.

Аталған жоба бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын «Қыран» ЖШС жүргізуде. Жоспар бойынша қайта жаңғырту жұмысы күзге дейін аяқталады. Айта кету керек, қайта жаңғыртудан өтетін көшенің бойы қосымша абаттандырылады.

Мұнан бөлек, көшені абаттандыру жұмыстарына 725 млн теңге бөлінді. Мердігер мекеме «BSG Инжиниринг» ЖШС жұмысты жуық арада бастап, қараша айында аяқтамақ. Жоба бойынша теміржолдың екі бетіне тұрғындардың серуендеуіне ыңғайлы аллеялар, жаяу жүргіншілер жолы салынады.

### КӨШЕРБАЕВ КӨШЕСІНДЕ ЖӨНДЕУ ЖҮМЫСЫ АЯҚТАЛДЫ

Қаладағы Елеу Көшербаев атындағы көше де жөндеуден өтті. Оның Бейбарыс Сұлтан көшесінен Әлихан Бөкейхан көшесіне дейінгі 2 шақырымы жөндеді.



– Құны 434 миллион теңге болатын құрылыс аясында көше жөндеуден толық өтті. Жоба бойынша жаяу жүргіншілер жолын салу, аяқсау арығын қазу және жарық шамдарын орнату қарастырылған. Дәл осы кезде бұл жұмыстардың жарықтандырылуы ғана қалды, – дейді қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Жәнісбек Файзуллаев.

Ал учаске бастығы Самат Қарымсақовтың айтуынша, Көшербаев көшесі 4 жолаққа кеңейтілді.

– Жолдың ені 14 метр болды. Мұның алдында 7 метр болған. Қазіргі таңда көшені жөндеу толығымен аяқталды. Енді жарық шамдары жаңаланады, – дейді учаске бастығы.

### ЖАҢА КӨШЕНІ ЖӨНДЕУ ҚАШАН БІТЕДІ?

Бұл қос даңғылды байланыстыратын көше болмақ. Н.Назарбаев даңғылынан Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылына дейінгі аралыққа жол салынууда. Ол көше Сыр самалы деп аталады. Жакында қала әкімі аралау барысында осы көшенің жұмыс барысымен танысқан болатын.

– Қазір қалада 35 көшеге орташа жөндеу, 15 көшеге қиыршық тас төсеу жұмыстары қолға алынды. Сонымен қатар арасында төрт жолақты етіп, қайта жөндеуден өтетін көшелер де бар. Оған қоса бір көше жаңадан салынууда. Ал Сыр самалы көшесі салынып біткен соң оның айналасын да реттеу жұмысы жүргізіледі. Себебі көше жиегі күл-қоқысқа толы және қамыс өскен. Жарық бағаналары да назардан тыс қалмайды. Сондай-ақ каналға жақын болғандықтан мал қора салып, мал өсіріп отырғандар да бар. Бірақ алдағы уақытта заңға сәйкес оның бәрі алынады, – дейді қала басшысы.

Расында, жұмыс қарқынды жүруде. Бұл жайлы Сыр самалы көшесіне жауапты учаске шебері Берік Мырзабаев та мәлімдеді.

– Негізі бұл көшенің ұзындығы 2 километр, 164 метрді құрайды. Көше екі жолақты болады. Жарықтандыру мен жаяу жүргіншілер жолы қатар жүргізіледі. Сонымен қатар Сыр самалы сарқырамасына 54 метрлік жаңа су құбырын жаңғырту жұмысы да қолға алынды. Дәл осы кезде көшені жөндеуге 30 шақты адам, 10 техника жұмылдырылуда, – дейді учаске шебері.

Мердігер мекеме «Қыран» ЖШС жобаны жаздың басында аяқтауды жоспарлауда. Осы кезде жөндеу жұмысының 80 пайызы аяқталған. Бұл жобаның мақсаты – қала орталығында көлік кептелістерін азайтып, тұрғындарға қолайлы жағдай жасау.

## «МӨЛДІР БҰЛАҚ» АПТАЛЫҒЫ АЯҚТАЛДЫ

«Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында Сыр өңірінде «Мөлдiр бұлақ» апталығы қорытындыланды. Жалпы акцияның мақсаты – табиғатты таза ұстап, тұрғындар арасында экологиялық мәдениетті арттыру.

адам, соның ішінде мемлекеттік мекемелер мен жеке ұйымдар, жастар және волонтерлер, тұрғындар қатысып, барлығы 245 техника жұмылдырылды. Бірі қалғандарына атсалысса, енді бірі арық жүйелерін және жаяу жүргінші жолдарын тазалады.

Тазалық апталығы аясында облыстағы Сырдария өзенінің жағалауы, Аққұмшық жағажайы, Кәрібөгет көпірі, Лайкөл, Камбаш, Жаланап, Шөмішкөл, Райым, Тұщы, Иіркөл, Қараөзек, Әлімкөл, Жаманкөл сынды көлдердің және «Қалғандария», «Елтай», «Шіркейлі» секілді су арналарының жағалауларында коқыстан, тұрмыстық қалдықтардан тазарту жұмыстары жүргізілді. Жалпы экоакция апталығы аясында су айдындары мен арықтар 40 тоннадан астам коқыстан тазартылды.

Бетті дайындаған  
Ақтолық НҮРЛЫБАЙ  
Суреттер облыс, қала әкімдігінің баспасөз қызметінен алынды



ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ...

Өңі бозарып кетіпті. Сәлем-сауқаттың өзін әрең сұрасты. Үнемі бір қалың ойдың үстінде жүретін болған. Мен оған әңгімені төтесінен бастадым.

– Қарашаңырақты тастап, елден ел асып, көрші қалаға кеткенің болмады, – дедім.

Ал ол болса, шыны стакандағы қасқалдақтың қанындай көретін арағын бір ұрттап алды да, қиярдан тістеп отырып, жуан саннан бір қойды. Бір өкініш, бір үміт оның әрбір әрекетінен байқалатындай болыпты.

– Мен де жетісіп жүрген жоқпын. Ескі жараның бетін тырнағаның жаныма батады, – деп, шылымын тұтатты. – Балалық шағым осында өтті. Дәл қазіргі сәтте менің сендерден артық ешкімім жоқ. Сондықтан ізден келдім. Басымдағы мәселені шешуге емес, күнделікті күйбең тірліктің қамытын лақтырып тастап, өздеріңмен бақытты сәттеріңнің бір бөлігін өткізіп келді...

Оның жанарынан мұңды байқадым. Мұң деймін-ау, мұңнан да ауыр нәрсе тұрды. Жан дүниесіндегі арпалыс оны осылай аздырып жіберіпті. Алыстаған балалық шақтың тәтті күндерін қанша сағынсаң да қайтара алмайсың. Жаның жегідей жеген дерті де сол.

\*\*\*

Сейдалы – бала күннен бірге өскен досым. Оралхан Бөкейдің «Тортай мінер акбоз атын» оқып па едіңіз?! Мен өзімді құлды соның кейіпкері сезінетінін. Ал Тортай – Сейдалының прототипі. Көз алдыма сол бір арманшыл бала күннің көрінісі көлбөңдей берді...

Екеуіміз ауыл сыртындағы төбенің басында өріске бармайтын жиырмаға жақын қозы-лақты бағып отырғанбыз. Ішіме сыймай тұрған ғашықтығымды төгіп салдым. Тіпті менің ең алғашқы жазған өлеңім еді ол... Менің музам. Иә, иә менің музам.

– Досым, мен бүгін өлең жаздым.

– Қызық екен, – деді жынғылды талшығын тісіне тістеп, алысқа көз тастаған күйі. – Ондай өнерің бар ма еді?

Дереу ата-анам көрмесін деп, сөмкемнің ішкі бетінен бір қарыстай тіліп, ішіне тығып қойған өлең дәптерімді аша бастадым.

«Үлім, сенің өзіңе,

Мөңдір кара көзіңе.

Ғашықтың, мен ғашықтың, Алармысың, сезіңе»...

Алғашқы махаббатым менің сыныптасым еді... Үлімнің атын естіген де сол тосырық қалды да, езуінде жылы бір жымпыс пайда болды. Баға берер деп күтіп отырған менің сұраулы жүзіме қарады да:

– Сен де қатырасың ей. Математика ападыңды қызы сені қайтсын?! Ол – сыныптың ең үздігі емес пе?! Мына қозы-лақтың артында салпаңдап жүгіріп жүрген сен оның теңі емессің. Махаббат деген не тәйірі. Сен одан осы сенбіде балыққа барамсың, соны айт, – деп әңгімені басқа жаққа бұрып жіберді.

Жақын досым деп, сырымды ашып, алғашқы тырнақалды туйндымды оқып беріп отырғанда естіген сөзім осы. Аспан күркіреп, төбемде найзағай ойнағандай болды. Балығы құрсын, анығы, одан көңілім қалды.

– Сенің қандай арманың бар? – деді бір сәтте көңілімді аулағысы келіп.

Алтыншыға енді ғана аяқ басып, асығым алшысынан түссін деп тілеп жүрген балаңның арманын айтып тауыса аламысыз?!

– Мұғалім болсам ба деймін. Айналымның бәрі мұғалім, ата-анам да бұл саладан алыс емес. Бірақ әкем марқұм жиі ауырған соң

күшімді салатынымын. Мұның бәрін көріп жүрген Сейдалының ойы мүлдем бөлек екен.

– Мені білесің ғой, сендер сияқты бестігім жоқ. Қартайған әкем мен күйеуден ерте қалған анамның тірлікте қажығанын көргім келмей, оқуың орнына отын шаптым. Сендер тәртізді мерекелік кештерде өнер көрсету орнына сол шапқан отынның есек арбамен тасып, ауылға саттым. Солай нан таптым. Бірақ сенің де өмірің жеңіл емес. Енді кеп менің ойымды білгің келеді ғә, – деді күлімсірей. – Сендер қалаға оқуға кеткенде мен ауылда қаламын. Сен тәртізді ғашық болып та көрмейсің.



дәрігер боласың деп көп айтатын. Қолыңнан келіп, қонышыңнан басып, қарасирақ келедің жанын қысатын мына мұлтсәлардың шаңын қағып алатын прокурор боларсың дейтін. Ал мен ол салалардан өзімді көрмеймін. Сенде қандай ой бар, – дедім қарсы сұрақ қойып.

Токсаныншы жылдардың орта шеңізде әкемнің айтатын сөзі де сол еді. Дәрігерге барсаң, танысың керек. Әйтпесе, жарытып емделмейсің. Мұлтсәнің қолына түссін, барыңды сыпырып алмай босатпайды. «Өмірде екі адамның алдына апарамын. Бірі дәрігердің, екіншісі мұлтсәнің» деп жиі айтатыны да сол еді.

Өмірдің есейткені шығар, біз сол бала күннен бері үлкендердің әңгімесін тыңдап, мәселені солар сияқты шешкіміз келетін. Анамның екі мың теңге айлығына масыл болып, отыра бермей, сабақтан бос уақытыма Түлкібайдың бордақыдағы жабықсыны бағып, айына бес мың теңге табыс табатыным. Бірақ малдың соңында жүре бермей, биіктерді бағындыруым керек деп, білім алуға бар

Соңғы сөзді кекесімнен айтты. Менің Гүлімге арнаған өлеңімді оқығаннан кейінгі өзін-өзі ұстауы ұнамады. Ойыма бұл да соған қарап қалай дегендей кұман ұялаған. Кейін білдім, математика анай Сейдалының апасы екен де, Гүлім Сейдалыға жиен екен. Ал мен ақымақ оған қарандасына жазған ғашықтық гаклямды оқып берген екенім ғой...

Біз арман қуып, қалаға оқуға аттанғанда Сейдалы тіршіліктің қамытын мойнына іліп, ауылда қалды. Көршінің малын бақсам да, мен білім алуға ұмтылдым. Ал ол сол кезеңде қалып қойды. Бірақ арманы бөлек-тұғын. Оны айта да бермейді. Қазіргі робототехникадан енді үйреніп жүрген нәрселерді ол сол кезде менгеріп, магнитофон, ойын құрылғыларын жөндеп, бірін-біріне байланыстырып қоятын. Тіпті көзімді қабырға сағаттың ішкі құрылымын пайдаланып, токпен жүретін ойыншық машина істегенін де көзім көрді. Сейдалы сол талантты іште өлтірді. Онысын пайдаланбады да.

Аян СПАНДИЯР

АТА-АНА БАЛАНЫҢ ТЕЛЕФОНЫНА БАҚЫЛАУ ЖАСАУЫ КЕРЕК



– Бала ата-ананың алдында қарыздар ма? – Абай атамыз оныншы қара сөзінде «Біреулер Құдайдан бала тілейді. Ол баланы не қылады? Өлсем орнымды бассын дейді, артынан құран оқысын дейді, қартайған күнімде асырасын дейді. Осыдан басқасы бар ма?» деп тереңнен толғайды. Әрине, тұтас ұлтқа кіно тағу оңай. Бірақ өмірде әртүрлі көзқарастағы адамдар бар. Кейбіреулер, әсіресе, үлкен буын бала ата-анасына қарыз, оның алдында парызы бар деп санайды. Алайда баланы дүниеге әкелу, оған саналы, сапалы өмір сыйлау, тәрбие беру – ата-ананың, екі адамның ортақ шешімі. Мәселен, мен сізге 1000 теңге берсем, сіз маған қарыз болмайсыз. Ал егер сіз алдыма келіп, сол ақшаны сұрап алсаңыз, қарызбын деп есептейсіз. Енді олай қарайықшы, балалар ата-анасынан «мені дүниеге әкелші» деп осы өмірді сұрап ала ма? Бұған қатысты «Капернаум» деген фильм бар. Бірінен кейін бірін дүниеге әкеліп, оларға не материалдық жағдай жасамаған, не оқытып, білім бермеген ата-анасын басты кейіпкер сотқа береді. «Мені дүниеге әкелгені үшін» деп айыптайды. Меніңше, мұның бәрі баланы өмірге әкеліп, менің алдымда қарыз деп өсіргеннен болады.

Психолог ретінде баланың ата-ана алдында ешқандай қарызы жоқ екенін айтқым келеді. Өйткені балаға өмір сыйлау – ортақ шешім, таңдау. Баламыз бізге тиесілі емес, оның да өз өмірі бар, мамандық пен жар таңдауға қатысты жеке көзқарасы бар. Біз тек оны сүйе аламыз, махаббатымызбен бөлісіп, тәрбие беріп, сапалы өмір сыйлай аламыз. Құндылықтарын қалыптастырып, адам, тұлға ретінде өзін тануына жол ашамыз. Әрине, бала ретінде ата-ананың алдында жауапкершілігіміз бар, сый-құрметіміз бар. Бірақ қарызымыз емес. Ата-ана мен бала бір-біріне қарыз болғаны үшін емес, жай ғана себепсіз жақсы көргені үшін, махаббатымен бөлісу үшін қарым-қатынас жасауы тиіс.

– Әңгімеіміздің ауанына қарай тағы бір сұрақ туындап отыр. «Әр баланың өз несібі бар» дейміз. Алайда баланы жоспарлау қаншалықты дұрыс?

– Әрине, жоғарыда атап өткенімдей, баланы дүниеге әкелу «екіншісі қашан» деген қоғамның, «ұл» сұраған ата-ененің емес, екі адамның ортақ таңдауы болуы тиіс. Бірінен кейін бірін дүниеге әкелген отбасыларда шамамен балалардың арасы 1-1,5 жас болады. Осы сәтте әр балаға жеке көңіл бөлу, махаббатыңды сыйлау, жеке шекара деген маңызды дүниелер аяқ астында қалады. Дәл қазір ата-ана болуға дайынбыз ба, жоқ па? Бұл сұрақты бірінші

баладан бастап әр ата-ана өзіне қойып, талқыға салуы керек. Мәселен, әйелі оқу оқыса, күйеуі кәсіп бастап жатыр немесе жана үйге қошуна аз уақыт қалды. Мұндай кезде бәрін ақылға салып, саралап, ата-ана ретінде екінші баланың өміріне де жауапкершілік ала аламыз ба? Мүмкін, жана үйге көшіп жүргенде, салқын тиіп қалатын шығар. Оған көңіл бөліп, қарай алмайтын шығар. Осындай сыртқы, ішкі факторлардың барлығын есепке алу керек. Балалық шағы болмаған балалар қаншама. Әсіресе, қазіргі ересектердің ата-анасы жұмыста, 6 баланы асырау керек. Кішкентай кезінде әкесімен не анасымен сөйлесуге дағдыланбаған. Көмек сұрап, алдыма келіп отырады. «Жасым 30-да, 40-та, анаммен сөйлесе алмаймын» дейді. Қандай өкінішті!

Бірінші бала ата-анасынан тәуелсіз, өз қажеттіліктерін қамтамасыз ете алатын жағдайға жеткенде ғана екінші баланы жоспарлау керек. Яғни, біріншісі 3 жасқа жеткенде емшектен шығып, өзі тамақ іше алады, су сұрай алады, балабақшаға барып, басқа балалармен, қоғаммен байланыса түсе бастайды. Жоспарлау жүктіліктен басталады. Демек, 3 жасқа жеткенде келесі баланы жоспарласа, 4 жасты толтырғанда дүниеге әкеледі. Сонымен бірге әйелдерде екіқабат кезінде, баланы өмірге әкелген соң «стресс» болуы мүмкін. Осы жылдар аралығында физикалық жағынан да, психологиялық жағынан да денсаулығы қалпына келіп, қайтадан ана атануға дайын болады.

– Сұхбатыңызға рахмет! Сұхбаттасқан Дина БӨКЕБАЙ



ГРУЗИЯ: ДАУЛЫ ЗАҢ МЕН ДЕРЖАВА МҮДДЕСІ

Сарапшылар аталған заң жобасының «Ресей ықпалымен» әзірленгеніне сенімді. Алайда ең күрделі тұсы, заң қабылдана, елішілік ахуал ушығуы мүмкін. Әр қаладан бас көтерген ереуілшілер жалпыұлттық митинг ұйымдастыруы ықпал деген пікір тарауда. Олай болған жағдайда Грузияның ұлттық қауіпсіздігі мен билікке келуге мүдделі топтар оқиғаны өз пайдасына асырмақ.



Міне, осыған алаңдаған Грузия парламентінің VIII және IX шақырылымының депутаттары бұл заңның қабылдануына қарсылық білдіріп, доғару туралы талап қойды. Демократиялық ұстаным мен халықтың амандығын ойлаған зиялы топ сағат сайын үндеу жариялауда.

Оқиғаны АҚШ та жіті бақылап отыр. Ресейдің саяси практикасын қолданады деп күдіктенді ме, әлде Еуропамен арасы ашылады деген алаң болды ма, белгісіз, әйтеуір көп өтпей ресми хат жолдады. Грузияға «шетелдік тыңшылар» туралы заң жобасын ары қарай қарамауға үндеп, мұны құрдымға кетіретін қадам деп бағалаған.

«Грузиядағы жағдай түсінікті. Ел билігінде екі жол бар. Халық үніне құлақ асу немесе ресейлік жанрдағы авторитаризм көлеңкесінде қалу. Біздің айтарымыз, егер Грузия соңғы нұсқаны тандаса, АҚШ ойланбастан еларалық байланыс стратегиясын түбегейлі өзгертеді. Мұндай тәжірибе бұрын да болды. Беларусь мемлекетіндегі авторитаризммен күрес үшін жасалған қадам сөзсіз дәлел бола алады», – деген АҚШ Әкілдер палатасының хатында.

Премьер-министр Ираклий Кобахидзеге жолданған хат райынан АҚШ-тың анып қалмайтынын байқады. Әсіресе, жағдай ушықса, Тбилисиге қаржылық көмекті тоқтату, саяси санкцияны үдету, виза талабын қатаңдату орын алатынын ашық айтқан. Мұндай келеңсіздіктің жауапкершілігі «демократия құндылығын аяқасты еткен Грузияның мойнында» деп мәңзетті.

«Он мыңдаған адам Парламент үйінің алдына түнеуде. Түні бойы билеп, рухты көтеретін ұран айтумен болды. Ал күндіз отырысқа келген депутаттарды айқау-шүмен қарсы алып, «құл», «орыс» деп айыптады.

Қазір Парламент үйін полицейлер толық қоршаған. Қолдарында қалқан, су зеңбірегін әлсін-әлсін шашып тұр. Осылайша, ереуілшілердің ғимаратқа кіріп кетпеуін қамтамасыз етуде. Сыртқа бәрі бейбіт көрінгенмен полицейлер мен ереуілшілер арасында қақтығыс болды. Екі АҚШ пен бір Ресей азаматы тұтқындалып, одан өзге 20-ға жуық азамат қамауға алынған. Көшеде шұлаған ереуілшілер заң жобасына дауыс беруге келетін депутаттар естісін деген үмітпен барына дауысын шығаруға тырысты», – деді Жақлин Хоуард.

Айта кетейік, 2012 жылы Ресей «шетелдік тыңшы» айдарын тағатын заңды қолданысқа енгізген болатын. Содан бері аталған заң Кремльге жақпаған саяси белсенділерді қамауға, қудалауға пайдаланылды деген пікір көп. «Шетелдік тыңшы» туралы заң жобасын әзірлеуге грузиялықтардың үрке қарауының сыры осы.

Бұған дейін ТМД елдері ішінде антиресейлік көзқарасы басым мемлекет Грузия болғаны жасырын емес. Азаматтық қоғам белсенділігі сонша, сыртқы саясатқа қатысты әрбір өзгеріс талқысыз қалмайды. Мобилизациядан қашып келген ресейліктер Грузияны паналағанда екі қоғамның түрлі әлемде өмір сүретіні, саяси ұстанымы мүлде алшақ екені әлемдік БАҚ-та жиі жарияланған болатын. Оның үстіне Ресей Украинаға басып кіргелі Грузиядағы ресейліктер заң да артты. Сондықтан ереуілшілер аталған заң ел болашағына әсер ете ме деп алаңдауды.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған Ерсін ШАМШАДИН

Басы 1-бетте

Меншік иесі:  
**СЫР МЕДИА**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директорының міндетін атқарушы  
**Марат АРАЛБАЕВ**  
Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы  
Бас редактор  
**Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА**

Телефондар:  
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)  
Газеттің негізін қалаған **Әділхан БӘЙМЕН**  
Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тірлеу нөмірі №17657-Г.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.  
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.  
Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «АШ» баспа үйі ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68  
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.  
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.  
Таралымы 2902 Тапсырыс №740  
Нөмірдің кезекші редакторы Ақтолқын НҮРҰЛЫБАЙ